

## ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қостанай ауданы білім болімінің" Шапағат "бебекжайы" КМҚҚ қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы "Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы" Заңының 8-бабының 5-тармагына, Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл агенттігі (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 бекіткен сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес "Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының" Қостанай ауданының білім бөлімі "Шапағат" бөбекжай" КМҚҚ балабақшасында сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүзеге асырылады.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау (бұдан әрі – талдау) объектісі Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қостанай ауданының білім бөлімінің "Шапағат" бөбекжайы" КМҚҚ қызметі болып табылады.

Көсіпорын қызметінің сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қостанай ауданының білім бөлімінің "Шапағат" бөбекжай-бақшасы" КМҚҚ басшысының 2023 жылғы 31 тамыздағы №110 бұйрығымен жұмыс тобы қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілді.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл агенттігі Төрағасының бұйрығымен бекітілген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі - 2023 жылғы 1 шілдеден 2024 жылғы 1 маусымға дейін.

### **1. Талдау жүргізудің мақсаттары мен міндеттері**

Талдаудың мақсаты Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қостанай ауданының білім бөлімінің "Шапағат" бөбекжай-бақшасы" КМҚҚ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылды жою болып табылады.

Талдаудың міндеті сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қостанай ауданының білім белімінің "Шапағат" бөбекжайы" КМҚҚ қызметіндегі салдарын жою болып табылады.

### **2. Талдау барысында пайдаланылған акпарат көздері**

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларының 15 тармағына сәйкес сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін акпарат көздері:

1) талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі күжаттар;

- 2) талдау объектісінің қызметі туралы статистикалық есеп;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алынған талдау объектісінің қызметі туралы Мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелерінің деректері;
- 4) талдау объектісіне катысты бұрын мемлекеттік органдар жүргізген тексерулердің нәтижелері;
- 5) ішкі бақылау қызметтерінің бақылау іс-шараларының нәтижелері;
- 6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері;
- 7) бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар;
- 8) талдау объектісіне катысты жеке және заңды тұлғалардың отініштері;
- 9) талдау объектісінің лауазымды адамдарын сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылық пен заңның басқа да бұзушылықтарын жасауға ықпал еткен жағдайларды жою жөнінде ұсынғаны үшін жауапқа тарту туралы мәліметтер;
- 10) сот органдарының талдау объектісі, қылмыстық істер фабуласы қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне катысты шешімдері;
- 11) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген сыртқы талдау нәтижелері;
- 12) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген ішкі талдау нәтижелері;
- 13) талдау объектісінің қызметшілеріне, қызметкерлеріне сұрау жүргізу нәтижелері;
- 14) Қазақстан Республикасының заңнамасында ұсынуға тыйым салынбаған өзге де мәліметтер.

## I. Нормативтік құқықтық актілердегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері

### 1.1. Негізгі функцияларды іске асыру

"Шапагат" бөбекжай-бакшасы КМҚҚ өз қызметін ҚР Конституциясына, "Білім туралы" ҚР Заңына, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына, сондай-ақ ҚР Үкіметі бекіткен басқа да нормативтік құқықтық актілерге, Жарғыға, сондай-ақ бөбекжайдың ішкі нормативтік құжаттарына (қағидалар, лауазымдық нұсқаулықтар, ережелер және т. б.) сәйкес жүзеге асырады. Талдау барысында бөбекжай қызметін реттейтін Жарғы мен ішкі нормативтік құжаттар зерделенді. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелерді талдау нәтижелері бойынша **анықталған жоқ**.

**Негіздеме:** Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қостанай ауданының білім бөлімінің" Шапагат" бөбекжайы" КМҚҚ ішкі нормативтік құжаттары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жасалды.

**Ұсынымдар:** мектепке дейінгі ұйымның қызметін регламенттеуге катысты Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілетін өзгерістер саласындағы жауапты тұлғалардың білімдерін өзектендіру.

## **II. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыйайлар жемқорлық тәуекелдері**

### **2.1. Мемлекеттік қызмет көрсету**

"Шапагат" бөбекжайы тікелей 2 мемлекеттік қызметті жүзеге асырады:

- «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар мен балаларды қабылдау».

- "Педагогтерді аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау"

#### **Стандартта көзделмеген құжаттарды талап ету.**

Мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес "мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартымен регламенттелмеген құжаттарды талап ету фактілері **анықталған жоқ**.

#### **Қызмет көрсету мерзімдерін бұзу фактілері.**

Талданатын кезеңде қызмет көрсету мерзімдерін бұзу фактілері **анықталған жоқ**.

#### **Мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту фактілері.**

Талданатын кезеңде мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту **болған жоқ**.

Мерзімдерді бұза отырып көрсетілген мемлекеттік қызметті алудан бас тарту, сапаға, қызметкерлерге немесе қызмет көрсету мерзімдеріне катастырылған түскен шағымдар **болған жоқ**.

**Негіздеме:** Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қостанай ауданының білім бөлімі" ММ өткізген 22.05.2023 ж. мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі бакылау іс-шарасының нәтижелері туралы актіге сәйкес анықталған бұзушылықтар **анықталған жоқ**.

#### **Ұсыныстар:**

Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету.

Интернет-ресурстарда акпаратты орналастыру арқылы ата-аналар қоғамдастыры үшін мемлекеттік қызметті алу туралы мәліметтердің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Мерзімі: тұрақты.

### **2.2. Кадр саясаты**

#### **Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың аудысуы**

Мониторинг кезінде "Шапагат" бөбекжай-бакшасы КМКК - да қызметкерлердің жалпы саны-30 адам, оның ішінде басшы - 1, педагог - 11 (бала күтіміне байланысты демалыста - 2) Техникалық және қызмет көрсету персоналы - 18 (бала күтіміне байланысты демалыста - 0).

- 2023 жылғы 1 шілдеден бастап осы уақытқа дейін өз еркімен атқаратын лауазымынан 4 қызметкер босатылды. Теріс себептермен жұмыстан шығарылған қызметкерлер болған жоқ. Оқытудан өту, қызметкерлердің біліктілігін арттыру мерзімдері мен тәртібі аттестаттаудың және курстық қайта даярлаудың перспективалық жоспарларымен

регламентtelген, Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасының негізінде және оған сәйкес жүзеге асырылады.

Талданып отырған кезеңде бұрын сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаган адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері, қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық **анықталған жоқ**. Педагог кадрлардың жетіспеушілігіне байланысты қазіргі бос жұмыс орындары электрондық енбек биржасында тіркелген enbek.kz. (қазіргі уақытта бос жұмыс орындары жоқ)

Педагогикалық персонал мемлекеттік білім беру үйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін қызметке тағайындау, қызметтен босату қағидаларына сәйкес қабылданады. Интернет-ресурстарда бос орын пайда болған кезде атқаратын лауазымына конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланады, хаттамамен ресімделген конкурстық комиссияның отырысы өткізіледі, оның барысында ізденушілер ұсынған құжаттарға бағалау жүргізіледі. Конкурстық комиссия кандидаттың бағалау парағында көрсетілген баллдарды есептеуді жүзеге асырады. Конкурстық комиссия отырысының корытындысы бойынша кандидаттың біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы шешім шыгарылады. Конкурс корытындысы бойынша шешімді конкурстық комиссия жинаған балдары негізінде қабылдайды. Ең көп балл жинаған үміткер конкурстан отті деп есептеледі және лауазымға тағайындалады.

Талдау көрсеткендей, жақын туыстарының "Шапағат "бөбекжай-бакшасы" КМКК басшысымен бірлескен жұмыс фактілері анықталған жоқ.

Қызметтік және өзге де ақпаратты қызметкерлер заңға қатаң сәйкес пайдаланады, қызметкерлердің қызметтік өкілеттіктерін орындау барысында сыйлықтар қабылданбайды. Басшы мен қызметкерлер кірістер мен мұлік декларациясын уақытылы талсырды.

Басқарманың барлық қызметкерлеріне тұрақты негізде "сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы "Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын мұлтікіз сақтау туралы айттылады.

Кадрлық шешімдер қабылдауға шағымдардың болуы.

Талданатын кезеңде кадрлық шешімдер бойынша шағымдар түскен жоқ. "Бөлімшениң үйымдық-басқару қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау" бағыты бойынша мұдделер қактығысының болуы, қызметкерлердің басшымен немесе оның орынбасарларымен үлестес болуы фактілері анықталған жоқ. Ұжым тұрақты жұмыс істейді, кадрлардың айналымы жоқ, сондай-ақ қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдардың бұзылуы анықталған жоқ.

### **Ұсыныстар**

Кадр саясаты мен енбек тәртібін регламенттеуге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілетін өзгерістер саласындағы жауапты тұлғалардың білімдерін өзектендіру. Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес көсіби қызметті жүзеге асыру.

**Мұдделер қактығысы (мемлекеттік сатып алу бойынша)** Мемлекеттік сатып алу "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы

Қазақстан Республикасы Заңының, "мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының нормаларына сәйкес жүргізіледі. Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электрондық түрде жүргізіледі және жеткізушімен қандай да бір байланысты болдырмайды.

Шарттар жасасудың тек қана электрондық форматы веб- порталда сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша толық және шынайы ақпаратты қалыптастыруға және олардың орташа сатып алу бағаларын айқындауға мүмкіндік берді. Электрондық шарттарды және Мемлекеттік сатып алушы онайлатуға және ашықтықта багытталған бірқатар басқа нормаларды енгізу сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік берді. Мемлекеттік сатып алушы өткізу кезінде бұзушылыктарға **жол берілмеді**.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" КР Заңының 5-бабының 4-тармагына сәйкес мемлекеттік сатып алушың жылдық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар айна бір рет жүргізіледі.

### **Ұсыныстар**

Бюджеттік өтінімді қалыптастыру кезінде мәліметтердің ашықтығы мен колжетімділігін қамтамасыз ету.

#### *Тәртіппік практика.*

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларын) қызметкерлер **бұзған жоқ**.

Қызметкерлер сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер кабылдады. Еңбек тәртібі **бұзылған жоқ**. Бұқаралық ақпарат күралдарында қызметкерлерге теріс ақпарат **орналастырылған жоқ**.

#### **Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ**

**Жою бойынша ұсынымдар:** қызметкерлермен педагогикалық этиканы, жұмыс орнындағы, адамдар көп жиналатын орындардағы мінездүлік нормаларын сактау бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу.

**Қаржы-шаруашылық қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:**

Мектепке дейінгі ұйым мемлекеттік сатып алу арқылы қажетті шаруашылық күралдармен қамтамасыз етіледі.

#### **Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ**

Жою жөніндегі ұсынымдар: шаруашылық бөлімінің менгерушісі бюджеттік өтінімді жасау кезінде қажетті шаруашылық тұрмыстық күралдардың тізімін алдын ала қалыптастырысын

#### **2.3. Процестерді цифрландыру. Құжат айналымы**

##### **Құжаттаманы есепке алу**

Білім беру ұйымындағы құжаттама істер номенклатурасына сәйкес жүргізіледі, оны бөбекжай басшысы бекітеді және мұрагат қызметкерлерімен келісіледі.

#### **Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ**

Жою бойынша ұсынымдар: күнтізбелік немесе оқу жылы аяқталғаннан кейін білім беру үйымының өзін-өзі бағалауы үшін есепті құжаттаманы қалыптастыру.

#### **2.4. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау**

Тәрбиеленушілердің ата-аналарының (заңды өкілдерінің) өтініші қағаз және электрондық форматта, Е-өтініш жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Бақылау кезеңінде бұзушылықтар анықталған жоқ. Талданатын кезеңде біліктілікті арттыру курстары бойынша 1 өтініш (ұсыныс) болды - мерзімінде пісықталды.

#### **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: анықталған жоқ**

**Жою бойынша ұсыныстар:** мектепке дейінгі ұйымның ресми сайттары мен веб-порталдарындағы ақпаратты жаңартып отыру.

#### **2.5. Ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету**

Facebook, Instagram мессенджерлеріндегі, сондай-ақ Мектепке дейінгі ұйымның ресми сайтындағы ресми парапашалар интернет-ресурстарында Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қостанай ауданының білім бөлімінің" "Шапағат" бөбекжайы "КМҚҚ тұрақты негізде өзекті ақпарат орналастырылады. Жарияланымдардың тақырыптары: бос және уақытша бос орындар туралы хабарландырулар, ата-аналар үшін өзекті ақпарат, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымдардың қызметтің регламенттейтін заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу туралы, "мектепке дейінгі білім беру үйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту туралы Консультативтік материал, сондай-ақ, балалармен мұғалімдердің әртүрлі іс-әрекеттерінің үзінділері, фотосуреттер мен бейне есептер.

#### **Осы бағытта сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.**

**Ұсынымдар:** ақпараттың ашықтығын колдау арқылы Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қостанай ауданының білім бөлімінің "Шапағат" бөбекжайы" КМҚҚ жүзеге асыратын қызметтің ашықтығын қамтамасыз етуді жалғастыру.

#### **2.6. Сыбайлас жемқорлықка қарсы және қоғамдық мониторинг нәтижелері**

Гимаратты жаңа оқу жылына қабылдауды үйимдастыру кезінде Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қостанай ауданының білім бөлімі" ММ мониторингтік қызметтің қызметкерлерімен бұзушылық фактілері анықталған жоқ.

#### **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ**

#### **2.7. Бақылау және рұқсат беру функцияларын іске асыру**

#### **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ**

#### **2.8. Сот практикасын талдау**

Талдау объектісінің (азаматтық-құқықтық сипаттағы) іс жүргізу практикасы көрсетілмейді.

#### **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ**

## **2.9. Қадағалау органдарының тексеру нәтижелері туралы мәліметтер**

Талданып отырган көзенде "Шапагат" бөбекжай-бақшасы "КМҚК өрт қауіпсіздігі, террорга карсы, санэпидстанция бойынша тексеру жұмыстары жүргізді. Бұзушылықтар бойынша ескертулер мен түзету бойынша ұсынымдар анықталды, олар мерзімінде жойылады

### **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ**

## **2.10. Фискалдық органдарды тексеру нәтижелері туралы мәліметтер**

Мектепке дейінгі білім беру үйімі бақылау кезеңінде фискалдық органдардың тексерулеріне тартылған жоқ.

### **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ**

## **2.11. Құқық қорғау органдарының, үкіметтік емес үйымдардың және азаматтардың мәліметтері**

### **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ**

## **2.11. БАҚ және өзге де ақпарат көздерінің мониторингі**

### **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ**

#### **Корытынды:**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері ішкі талдау корытындысы бойынша аталған кесіпорында анықталған жоқ. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына жол бермеу үшін түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Басшысы

Алпысбаева Г. Б



Жұмыс тобының жетекшісі: Сиденина Г. У (әдіскеर)

Аяпова т. Б

бухгалтер

Қалиева Ж. К

ӘШБ жөніндегі орынбасары

Коваленко Г. М

ата-аналар комитетінің төрағасы